

¹Байгунова Д.М.,* ¹Турдалиева Ш.Д., ²Садовская В.С.

¹магистр аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистр аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²педагогика ғ.д., профессор МӨММУ, Москва, РФ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТУ ТҮСІНІГІ, МӘНІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

Автор - корреспондент: baygunova77@mail.ru

Түйін: Бұл мақалада әдістемелік қамтубұл-«реттеуші құжаттар мен әдістемелік құралдардың жиынтығы» және МТЖ-н әдістемелік қамту - тек ғылым ғана емес, сондай-ақ, ұйымдастыру әдістемелік және практикалық қызметекені жайлы түсінігі қарастырылады. Кез - келген қызмет түрі сияқты МТЖ-н әдістемелік қамту да оң нәтиже бере алады және бұл МТЖ-н әдістемелік қамту теорияның қортындылары мен ұсыныстарына, яғни ғылыми білімге сүйенген жағдайда ғана мүмкін деп негізгі түсінікке тоқталып өткен. Өз кезегінде МТЖ-н әдістемелік қамту білімнің ғылыми саласы ретінде мәдени-тынығу қызметі шеберлерінің озық тәжірибелерінің ұйымдастыру және әдістемелік өнерін неғұрлым жан-жақты әрі терең зерттесе, соғұрлым жемісті дамитындығы жөнінде терең мағлұмат берген.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың құбылыстары мен әдістемелік үрдістер технологиясын зерттеу үшін айқын ұстаным, МТЖ-н әдістемелік қамтудың бүгінгі күнгі сипатына жоғарыдан шолу жасай алатын, оның даму тенденциялары мен перспективаларын, позитивті және негативті тұстарын анықтап, соның негізінде осы жүйенің барлық жұмысын жақсарту үшін ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар беретін нақты идеялық-теориялық деңгей деп тоқталады

Кілт сөздер: Шығармашылық, мәдениет, әдістеме, мекеме, қоғам, маман, қызмет, жұмыс.

Кіріспе. Қандай да бір құбылыс түсінігіне анықтама беру оның мәнін, пәнін, мақсаты мен өзгешелігін айқындаумен тұтастай байланысты. Осыған байланысты «мәдени - тынығу жұмысын әдістемелік басқару» түсінігін қажетті мазмұнмен толықтыру дегеніміз- аталған басшылық түрінің шығармашылық табиғатын және өзіндік сипатын анықтау, оның әлуметтік мәнін айқындау, барлық деңгейде олардың іс-әрекетінің өзара байланысы мен ықпалын орнату. Басқаша айтқанда, **әдістемелік** - «реттеуші құжаттар мен әдістемелік құралдардың жиынтығы». Мәдени - тынығу жұмысын әдістемелік қамтудың интерпретациясын толық және жан - жақты түсіну үшін оның маңызды тұстарын қарастыру және осы құбылыстың басым сипаттағы параметрлерін нақтылау қажет.

Теориялық талдау. Енді мәдени - тынығу жұмысын (МТЖ) әдістемелік қамту жүйесі жайлы түсінікті қарастыралық.

МТЖ-н әдістемелік қамту жүйе ретінде бірнеше құрылымдық компоненттерді қамтиды:

1. МТЖ-н әдістемелік қамтудың басым сипаттағы бағыттарын анықтайтын мақсаттар және одан шығатын міндеттер.

2. МТЖ-н әдістемелік қамтудың субъектісі. Оған кіретіндер:

- барлық деңгейде (ауыл, аудан, қала, облыс және республика) МТЖ-н әдістемелік қамтуға жауапты әдістемелік кабинеттер мен орталықтар және басқару органдары;

- МТЖ-н әдістемелік қамтуды жүзеге асыратын штаттық және штаттан тыс қызметкерлер;

- МТЖ-ның ғылыми әдістемесі мен арнайы білімдер,

3. МТЖ-н әдістемелік қамтудың объектісі. Оған жататындар:

- мәдени - тынығу мекемелері қызметкерлері;

- мәдени-тынығу қызметінің қоғамдық ұйымдастырушы-лары, яғни, белсенділер;

-жүйенің төменгі сатысындағы әдістемелік кабинеттер мен орталықтар, яғни, әдістемелік тұрғыдан тәуелді әдістемелік кабинеттер мен орталықтар қызметкерлері.

4.МТЖ-н әдістемелік қамтудың түрлері, әдістері, құралдары, қағидалары

(принциптері) мен механизмі.

5.МТЖ тәжірибесіндегі үдемелі әдістеме жетістіктерін зерттеу, модельдеу, ендіруге бағытталған ұйымдастыру -әдістемелік жұмыстар мазмұны.

6.МТЖ-н әдістемелік қамту шарттары:

- әдістемелік жұмыс жүйесін ақпаратты-анықтамалық қамтамасыз ету;
- мәдени - тынығу мекемелерінің әдістемелік қызмет жүйесін қаржылық қамтамасыз ету;
- МТЖ-н әдістемелік қамту жүйесін материалдық-техникалық жабдықтау;
- МТЖ-н әдістемелік қамтуды жүзуге асыру үшін қажетті әлеуметтік-мәдени, санитарлық- гигиеналық, психо-физиологиялық, эстетикалық және т.б. алғышарттар.

7.Барлық деңгейдегі мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату.

8.Репертуарлық - баспа іс-әрекеттері.

9.Әдістемелік сервис: идеялар аукционы, әдістемелік технологиялар рыногы, инновациялық орталық (коммерциялық, шаруашылық есеп), мәдени -тынығу мекемелері (МТМ) менеджменті, кардинеджер (бас менеджер) биржасы.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың жекелеген компоненттерін жіктеу осы байланыстарды ұйымдастырушы элементтер, түрлер мен құралдар арасындағы сандық және сапалық құрамды көрсететін осы жүйе құрылымының тұтастығын анықтауға мүмкіндік береді.

Әңгіме болып отырған жүйенің мәнін ашып, маңызын жете ұғыну үшін аталған мәселенің пайда болып, қалыптасу тарихына көз жүгіртіп, оның заңдылықтарын, өзіне тән ішкі қайшылықтары мен даму тенденцияларын анықтау қажет. МТЖ-н әдістемелік қамту жүйе ретінде мәдени-тынығу қызметінің әдістемелік технологиясын жетілдіру, модельдеу, болжау және реттеуді жолға қою мақсатында пайда болды.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары МТЖ-н әдістемелік қамту жүйесі «бірыңғай әдістемелік иерархияны анықтау», «іс-әрекет әдістемесін анықтау» бағыттары бойынша қалыптасып, дамыды. Бұл МТЖ-ның әдістемесін бір ізге салу дегенді білдірмейді, керісінше қажетті ғылыми ақпаратты шоғырландыратын, оны мәдени-тынығу жұмысы қызметкерлерінің қызығушылықтары мен сұранысына орай әдістеме саласына алмастыратын өзіндік байланыстырушы буын қызметін атқаруға жол салады.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың әкімшілік басқарудан ерекшелігі-жүйедегі субъект пен объектінің өзара қарым-қатынас принциптеріне байланысты.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың өзіндік ерекшелігінің анықтау - осы жүйені өзге жүйелерден, соның ішінде МТЖ-н әкімшілік басқарудан ерекшелеп тұратын маңызды белгілерді айқындап беру. МТЖ-н әдістемелік қамтуды әкімшілік басқарумен салыстыру барысында оларды төмендегідей ортақ мақсат біріктіреді деген қорытынды жасауға болады: мәдени-тынығу қызметін тиімді және сапалы жүзеге асыру жүйені басқару субъектісі мен объектісінің өзара қатынасы сипатын ерекшелейді. Әкімшілік басқару субъектінің объектіге құқықтық, экономикалық, өзге де ықпал етуін қамтиды және бұл мақсатта директивті, қызметтік және нормативті құжаттарды пайдаланады. МТЖ-н әдістемелік қамту тәрбиелік және ынталандырушы әдістерге арқа сүйейді де, бұл оның нұсқау беру, кеңес, модельдеу сипатын қамтамасыз етеді. МТЖ-н әдістемелік қамтудың басты белгісі мен ерекшелігі де осында. Егер әкімшілік басқару үрдісінде жұмыстың жемісті және ұтымды болуының ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, заңгерлік және өзге де алғышарттары қамтамасыз етілсе, ал әдістемелік басқару мәдени - тынығу мекемелері жұмысының мазмұнында оң өзгерістерді қамтамасыз етуге, оның сапасы мен тиімділігін көтеруге, сондай-ақ, мәдени - тынығу қызметінің озық, алдыңғы қатарлы түрлері мен әдістерін іздестіру, табу және оларды тәжірибеге ендіруге бағытталған.

Тәжірибелік бөлім. МТЖ-н әдістемелік қамтуды әкімшілік басқару элементтерімен салыстыру барысында жоғарыда анықталған ерекше белгілері тек әдістемелік басқару жүйесін әкімшілік басқару жүйесінен бөлуді қамтамасыз ететін сапаларды ғана көрсетеді.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың ерекшелігін бөліп қарағанда оның жалпы мәдени-тынығу қызметін басқарудың бір буыны, құрамдас бөлігі, осы саланы басқарудың тұтас

жүйесінің ерекше түрі болып табылатынын ескеру қажет.

Әдістемелік қамтудың өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін топтау негізінде оның мәні неғұрлым айқын көрінеді. Жалпы алғанда МТЖ-н әдістемелік қамтудың өзіндік ерекшелігі оның пәнінен айқын көрінетінін шамалауға болады. МТЖ-н әдістемелік қамтудың пәні мәдени-тынығу қызметінің технологиялық әдістемесі болып табылады. Біз бұл мәселеге алдағы тарауларда нақты тоқталатын боламыз. Дәл осы МТЖ-н әдістемелік қамтудың пәнінің ерекшелігі оның өзге де ерекшеліктерінің туындауына негіз болады.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың ерекшелігі тек оның пәнінің бірегейлігіне ғана емес, сондай-ақ ерекше аудиториясы мен объектінің өзгешелігіне де тікелей байланысты. Білімнің ерекше саласы және басқарудың ерекше түрі ретінде МТЖ-н әдістемелік қамтудың сапалық өзгешілігі оның объект ретінде мәселенің бір жағын ғана зерттеуге (бұл оның пәнін анықтайды) алатынына негізделеді.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың пәнін білімнің арнайы саласы ретінде анықтау үшін әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың ролі мен мәнін, функцияларын, олардың мемлекеттің қоғамдық-саяси және әлеуметтік - мәдени өміріндегі орнын айқындау қажет.

Әдістемелік қамтудың пәні аталған ғылымда қандай да бір мәселенің қай тұрғыдан зерттелетінін көрсетеді.

Ғылымның пәнін анықтау үшін осы ғылым әлеуметтік - мәдени өмір саласын қалай зерттейтінін, заңдылықтарын, оның басты мәселелерін және бұл мәселелердің теориялық және практикалық маңызын нақтылау қажет.

Бір айта кетерлік жайт, соңғы жылдары ғылыми білім саласы ретінде МТЖ-н әдістемелік қамтудың дамуы және әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың рөлінің артуымен, мәдени - тынығу қызметінің жетілумен байланысты МТЖ-н әдістемелік қамту мәселесін кеңінен түсіндіруге деген ұмтылыс айқын байқалуда.

Жалпы алғанда МТЖ-н әдістемелік қамтудың пәні - мәдени - тынығу қызметі үрдісінің әдістемесі болып табылады. Оның негізін төмендегідей маңызды компоненттердің жиынтығы құрайды: мақсат, міндеттер, негізгі бағыттар, мазмұн, түр, технологиялық әдістер, құралдар, мәдениет қызметкерлерінің рационалдық, эмоционалдық және еріктік саласына психологиялық-педагогикалық ықпал ету қағидалары.

Нәтижелер мен талқылау. Бұл мәселемен мәдени-тынығу қызметін жетілдіру арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесін қарастыратын бірде-бір ғылым саласы айналыспайды. Бұл МТЖ-н әдістемелік қамтудың өзіндік міндеті, оның ғылыми зерттеуінің пәні.

Мәдени –тынығу қызметін әдістемелік қамтудың білімнің ғылыми саласы ретінде қалыптасуы клубтардың, мәдениет үйлері мен сарайларының, жастардың демалыс орталықтарының әдістемелік және практикалық қызметін зерттеу және жинақтау, олардың жұмысындағы заңдылықтарды айқындауға деген қоғамның сұранысынан келіп шығады. Мұнда оның нақты мазмұнын анықтап, мәдени-тынығу қызметінің неғұрлым тімді түрлерін, әдістері мен құралдарын жетілдіру қажет.

Сонымен бірге әдістемелік қамту - тек ғылым ғана емес, сондай-ақ, ұйымдастыру - әдістемелік және практикалық қызмет.

Кез - келген қызмет түрі сияқты МТЖ-н әдістемелік қамту да оң нәтиже бере алады және бұл МТЖ-н әдістемелік қамту теорияның қортындылары мен ұсыныстарына, яғни ғылыми білімге сүйенген жағдайда ғана мүмкін. Өз кезегінде МТЖ - н әдістемелік қамту білімнің ғылыми саласы ретінде мәдени-тынығу қызметі шеберлерінің озық тәжірибелерінің ұйымдастыру және әдістемелік өнерін неғұрлым жан-жақты әрі терең зерттесе, соғұрлым жемісті дамиды.

МТЖ-н әдістемелік қамтудың құбылыстары мен әдістемелік үрдістер технологиясын зерттеу үшін айқын ұстаным, МТЖ-н әдістемелік қамтудың бүгінгі күнгі сипатына жоғарыдан шолу жасай алатын, оның даму тенденциялары мен перспективаларын, позитивті және негативті тұстарын анықтап, соның негізінде осы жүйенің барлық жұмысын жақсарту үшін ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар беретін

нақты идеялық-теориялық деңгей керек.

Ғылым саласы ретіндегі МТЖ-н әдістемелік қамту және мәдениет факультеттері және университеттердің мәдени-тынығу жұмысы кафедралары оқытатын МТЖ-н әдістемелік қамту пәні ұғымдарын ажыратып алу қажет. Мәдениет институтарында оқу пәні қатарында оқытылатын МТЖ-н әдістемелік қамту ғылым ретінде өз алдына МТЖ-н әдістемелік қамтудың маңызды жетістіктерін студенттерге меңгерту, сол арқылы студенттерді әдістемелік және практикалық қызметке дайындауды міндет етіп қояды.

МТЖ-н әдістемелік қамту жөніндегі ғылым саласындағы білімдердің жалпы көлемі мен мазмұндалу бірізділігі оқу жоспарында және курстың бағдарламасында анықталады.

Қорытынды. Оқу пәнінің мазмұнында қашанда ғылыми негіз болады.

Оқу пәні ретінде МТЖ-н әдістемелік қамту әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың қызметін қамтитын сұрақтар кешенін қарастырады. Оның ішінде аса маңыздылары төмендегілер болып табылады:

- Республикадағы МТЖ-н әдістемелік қамту жүйесі;
- МТЖ-н әдістемелік қамту органдарының ұйымдастыру-функционалдық құрылымы;
- МТЖ-н әдістемелік қамту жүйесінің қалыптасу және даму тарихы, олардың әдістемелік және практикалық қызметі;

- әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың әлеуметтік функциялары, нарықтық экономиканың объективті талаптарына, тұрғындар мен мәдениет қызметкерлерінің рухани қызығушылықтары мен сұраныстарына, әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың материалдық техникалық және өзге де мүмкіндіктеріне негізделген жаңа жағдайдағы ұйымдастыру - әдістемелік жұмыстардың нақты мазмұны мен негізгі бағыттары, мақсаттары, міндеттері;

- республикадағы МТЖ-н әдістемелік қамтудың қағидалары;
- әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың тұрғындардың көркемөнер шығармашылығының әдістемелік және практикалық мәселелерін шешу үшін қолданатын әдістері, құралдары, түрлері;

- МТЖ-н әдістемелік қамтуды ұйымдастыру және оның мазмұны;
- әдістемелік кабинеттер мен орталықтар жұмысын жоспарлау, есепке алу және бақылау;

- мәдени-тынығу жұмысының озат тәжірибесін жинақтау, тарату және тәжірибеге ендіру;

- мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату;

- әдістемелік кабинеттер мен орталықтарды безендіру және жабдықтау;

Жоғарыда көрсетілген мәселелер бөлімдер мен тақырыптарда топтастырылған.

МТЖ-н әдістемелік қамту пәнін оқыту Қазақстан Республикасы және ТМД елдеріндегі алдыңғы қатарлы әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың озат тәжірибесін, теориясы мен әдістемесін топтастыру негізінде жүзеге асырылады. Әдістемелік бағыттағы пәнді оқытуды өмірмен, әдістемелік кабинеттер мен орталықтардың нарықтық жағдайдағы қызметімен байланыстыру білікті және өз ісін сүйетін мәдени -тынығу жұмысы мамандарын дайындаудың басты шарты .

Әдебиеттер тізімі:

1.Абишев М.А., Багов И.Т. Организация системы методического руководства культурой и художественным творчеством. Шымкент, ЮКГУ, 2005г.

2.Абишев М.А., Багов И.Т. Методическое руководство самодеятельным художественным творчеством.Чимкент, ОНМЦ НТ и КИР, 1989г.

3.Багов И.Т., Абишев М.А. Методическая деятельность межсоюзных Домов, Дворцов культуры и ОМДСТ. Чимкент, ОМДСТ, 1989г.

4.Багов И.Т. Методический кабинет РДКорганizationalно-методический центр народного творчества и культурно-просветительной работы. Чимкент, ОНМЦ НТ и КИР, 1988г.

5.Багов И.Т., Уалиханова А. Мәдени-тынығу жұмысын әдістемелік қамту. Оқулық.- Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2015. 270б.

6.Каргин А.С: Воспитательная работа в самодеятельном художественном коллективе. М.: Просвещение, 1984. 188с.

Аннотация: В данной статье рассматривается понятие методического обеспечения-это» совокупность регламентирующих документов и методических пособий " и методическое обеспечение МЖС- не только наука, но и организационно-методическая и практическая деятельность.Методологическое обеспечение МЖС, как и любой вид деятельности, может дать положительный результат, и основное понимание того, что методическое обеспечение МЖС возможно только в том случае, если оно опирается на выводы и рекомендации теории, т. е. на научные знания. В свою очередь, методическое обеспечение МЖС дало глубокое представление о том, что чем более всесторонне и глубоко изучено, тем плодотворнее развивается организационное и методическое искусство лучших практик мастеров культурно - досуговой деятельности как научной области знаний.

Ключевые слова: Творчество, культура, методология, учреждение, общество, специалист, деятельность, работа.

Abstract: In this article, the concept of methodological support is considered -it is a "set of regulatory documents and methodological manuals " and methodological support of the Ministry of Health is not only science, but also organizational, methodological and practical activities.The methodological support of the IHS, like any type of activity, can give a positive result, and the basic understanding is that the methodological support of the IHS is possible only if it is based on the conclusions and recommendations of theory, i.e. on scientific knowledge. In turn, the methodological support of the IHS gave a deep understanding that the more comprehensively and deeply studied, the more fruitful the organizational and methodological art of the best practices of masters of cultural and leisure activities as a scientific field of knowledge develops.

Key words: Creativity, culture, methodology, institution, society, specialist, activity, work.